


БИЫЛ АҚТӨБЕДЕ 22 ӘЙЕЛ СУИЦИД ЖАСАҒАН

[2/11/2017](#), ең көп көрілген 1393 [Әлеумет](#) / [Еркін Қалиев](#)



Жыл санап өз-өзін ажалға қиятындар саны артып келеді. Тек биылдың өзінде 22 әйел өз жанын өзі алып, о дүниеге аттанып кетіпті. Яғни 22 отбасы анасыз, 22 ана баласыз, 22 болашақ ана жоғалды деген сөз. Бұл ресми орынның берген адам шошырлық мәліметі. Өкінішке орай, еліміз ересектердің өз-өзіне қол жұмсау статистикасы бойынша алғашқы ондықтың ішіне кіріп отыр екен. Ал балалар мен жасөспірімдер бойынша бестік ішінде. Бұл жөнінде "Bilim foundation" қоғамдық қорының басқарушы директоры Алмас Нұрбақытов мәлімдеді. "Керек.info" газетінің тілшісі жиілеп кеткен суицидтің қандай себептерден туындайтынын зерттеп көрді.

Өлімге құмарту негізінен психиканың проблемасы, оның астарын қоғаммен байланыстыруға болмайды. Көпшілігіміз рухы әлсіз, қорқақ және мінезсіз адамдар ғана осындай суицидке барады деп ойлаймыз. Сөйтсек, суицид ешкімді де сырт айналып кетпейді екен. Кейбіреулерінде суицид тұқым қуалайтын ауру болып саналады. Адамның бұл суицид ауруынан тез сауығып кетуі үшін кешенді ем-дом жүргізілуі шарт. Бірінші кезекте моральдық, келесі сатыларда психологиялық және медициналық қолдау керек. Үлкен қалаларда білікті суицидолог, психиатр, психологтар арнайы бағдарламалар жасап, арнайы жұмыстар жүргізеді. Суицид дертінің емі иманда - дейді діндарлар, бұл пікірмен бәрімізде келіссек болар еді, себебі өзіне өзі қол жұмсау - күнә болып саналады. Қалай десек те, суицидтің адам үшін ғана емес, жалпы мемлекет үшін де зияны мол. Ол елдегі өлім жітімнің артуына, халық санының азаюына ғана әкеп қоймай, мемлекетті әлеуметтік - экономикалық шығынға да батырады. Бүгінде адамдардың өз-өзіне қол жұмсап, өз өмірін қиған оқиғасы туралы жиі естуге болады. Аталарымыздың ғасырдан бері келе жатқан «құдай өзі берген жанын өзі ғана ала алады» деген ежелгі қағидасына қарсы шығып, адамдардың өз-өзіне қол жұмсап, өмірмен қоштасуының сыры неде?

Психологиялық факторлар да әсер етеді

Адамды мұндай әрекетке итермелейтін себептер жөнінде мамандардан сұрастырдық. Психология ғылымдарының кандидаты Ақсәуле Қарабалинаның зерттеуінше, өзіне қол жұмсаудың негізгі 10-12 себебі бар екен. Олар отбасындағы кикілжіңдер, жауапсыз махаббат, жақын адамынан айырылу, жалғыздық, қомақты ақша жоғалту (құмар ойындар, т.б. себебінен), жұмыссыз қалу, емі жоқ дертке тап болу, психологиялық ауытқулар, зорлану, діни фанатизм.

- Өзіне қол жұмсау жағдайының екі түрі бар, - дейді ғалым. - Оның бірі – парасуицид. Яғни адам бірнеше уақыт бойы осы әрекетті жоспарлап, оған психологиялық тұрғыдан дайындалады. Екіншісі – псевдосуицид. Бір сәтте

жарқ еткен эмоция әсерінен туындайтын жоспарсыз әрекет. Ерлер алғашқысы бойынша, ал әйелдер мен жасөспірімдер соңғы фактор ықпалымен қателік жасайды. Маман бұл әрекеттің ерлер арасында көп болу себебін олардың психологиялық ерекшелігімен түсіндірді. Ерлер басқаларға шағым айтып, "жыламайды", қиындық атаулының барлығын жүрегіне жинай береді де, терең депрессияға батады. Ал әйелдер бір сәтте "бұрқ етіп", ашу-ызасын сыртқа шығарып жібереді. Ал ол, өз кезегінде, жаман ойдың жиналмауын қамтамасыз етеді. Суицид қылмыстық жазасын өтеп жатқандар арасында бостандықтағыларға қарағанда 2-3 есе көп болады екен.

Ақсәуле Қарабабинаның айтуынша, соңғы уақыттары бұқара халық психологияның қажеттігін түсініп келе жатқанға ұқсайды. Себебі оның алдына психологиялық тұрғыдан соққы алып, рухани күйреуге ұшыраған адамдар көптеп келе бастапты. Ол бір жылда, шамамен алғанда, 50 шақты адамды райынан қайтарады екен. Кезінде жағдайының қиындығына байланысты депрессияға ұшырап, одан психологиялық кеңес алған бір азамат уақыт өте барлық күйін бір жақсартып алыпты. Кейін оған 1 құшақ гүл әкеліп, дөңгелеп жүріп кеткен шаруасын көрсетуге қонақ ретінде шақырып, алғысын айтыпты.

- Психологиялық күйреу сәті әрбір адамның басында болады. Мұндай кезде адам өзін-өзі жоғалтып алмауға тырысуы керек. Ажалдың ғана шешімі жоқ, оған дейінгі қиындықтың бәрінің де шешімі бар. Шешімі жоқ көрінген мәселе сол адамның жалғыз өзінде ғана сияқты күй сезіледі. Ол бұл кезде өзін емес, балаларын, жақындарын ойласа, қайғылы оқиғаға жол бермейді, - дейді психолог.

Суицид – кешенді зерттеуді қажет ететін дерт

Қ.Жұбанов атындағы Ақтөбе мемлекеттік университетінің оқытушысы Үмбетхан Сәрсембин бұл мәселені зерттемегенін, тіпті ол туралы сөз қозғағысы келмейтінін айтты. Дегенмен бір-екі ауыз жеке пікірін білдірді.

- Талай нәрселерді естіп, көріп жүрміз. Нақты себебі мынау деп кесіп айту қиын. Әрқайсысының өз себебі бар. Тек қана психологиялық жақтан емес, кешенді зерттеуді қажет ететін мәселе. Қоршаған орта, әлеумет, жеке жағдайлардың ықпалынан болады. Бірақ ашаршылық, соғыс секілді зобалаң уақытта да мұндай әрекеттер болмаған. "Тұрмыстық жанжал, діни сауатсыздық, ғаламтор беттерінің ықпалы" дейді ғой көпшілік, - дейді ұстаз.

Өзін-өзі өлтірген адамға жаназа шығарылмайды

Өз өзіне қиянат жасап, өз жанын өзі алған адамның іс-әрекеті тек қоғам ғана емес, діни тұрғыда да қабылданбайды.

- Адамның жаны – оған уақытша берілген аманат. Аманатқа қиянат жасауға болмайды. Ислам діні бойынша суицидке ешқандай рұқсат етілмеген. "Ниса" сүресінің 58-аятында: «Күмәнсіз, Алла сендерге аманатты өз иелеріне табыс етуді және адамдардың арасында билік қылатын болсаңдар, әділдікпен билік қылуларыңды әмір етті», - делінген. Біздің Аллаға қайтаратынымыз – жанымыз ғана. Қанша қатты қиналсақ та, тек Аллаға жалбарынып, жеңілдік сұрауымыз керек. Шын жүрегіңізбен сұрасаңыз, Алла да жеңілдік нәсіп етеді. Кейде бізге күйзеліске түскен адамдар келіп кеңес алады. "Тығырықтан шығар жол кәні" деген адамдармен сөйлесеміз. Артында қалатын туыстары, жанұясының мүшелері қиналатыны туралы айтамыз. Дұрыс әңгімелесу барысында адамды райынан қайтаруға болады. Өзіне қол жұмсауды тоқтатудың бірден-бір жолы – адамның рухани байлығы. Жастардың имани байлығы өте маңызды. Жүрегінде иманы бар адам "осы дүниедегі қиындықтан құтылғанмен, арғы дүниеде тұтылам" деп, өзін тоқтатады. Аллаға сенім – суицидтің ең басты тосқауылы, - дейді "Нұрғасыр" мешітінің наиб имамы Темірханов Асылхан.

2016 жылғы нақты деректер бойынша, облыста ересектер арасындағы өзіне қол жұмсау саны – 145, оның ішінде әйелдер – 14, ерлер – 119, жасөспірімдер – 12. Ал 2017 жылғы 9 ай қорытындысы бойынша облыста ересектер арасындағы өзіне қол жұмсау саны – 131, оның ішінде әйелдер – 22, ерлер – 100, жасөспірімдер – 9-ға жеткен.

Әлем бойынша жылына миллионға жуық адам суицид құрбаны болады екен. Яғни, 40 секунд сайын 1 адам көз жұмады деген сөз. Ал әрбір осындай құрбандықтың кесірі 6 адамға тиеді.